

Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 26 қазандағы № 333 бұйрығы

Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1, 29-1-баптарына және 43-1-бабының 1- тармағына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің және Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қол қойылған күнінен бастап бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» РМК және мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы ақпаратты орналастыруды және нормативтік құқықтық актілер тізбесінен алып тастауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр А. Мұхамедиұлы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Мәдениет және спорт министрінің

2015 жылғы 26 қазандағы

№ 333 бұйрығына

бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің және Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі төрағасының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) «Іс жүргізу және құжаттарды сақтау саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 10 тамыздағы № 123 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7911 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 19 қыркүйекте № 609-614 (27687) жарияланған);

2) «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 38 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8748 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 5 желтоқсанда № 268 (28207) жарияланған);

3) «Іс жүргізу және құжаттарды сақтау саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 10 тамыздағы № 123 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 22 қазандағы № 243 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8920 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2013 жылғы 5 желтоқсанда № 268 (28207) жарияланған);

4) Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этикасының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 22 қарашадағы № 43 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9020 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 16 қаңтарда жарияланған).